

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлік қадағалау комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 сәуір N 494. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1266 қаулысымен. ~P991266

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 наурыздағы N 206 P990206_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік қадағалау комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлік қадағалау комитетінің құрылымы;

3) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлік қадағалау комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлік қадағалау комитетінің аймақтық органдары ретінде Шығыс, Батыс, Солтүстік және Оңтүстік шекарада және көлікте мемлекеттік мал дәрігерлік бақылау аймақтық қызметі мемлекеттік мекемелері құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал дәрігерлік қадағалау комитеті осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлігі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1787 P971787_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 56, 506-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 651 P980651_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 22, 190-құжат) бекітілген өзгерістер мен толықтырулардың 13-тармағы.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
29 сәуірдегі
N 494 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Мал дәрігерлік қадағалау комитеті туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік қадағалау комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ мал дәрігерлігі саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады. <*>

Комитеттің аумақтық органдары - облыстық, Астана және Алматы қалаларындағы мал дәрігерлік қадағалау басқармалары, сондай-ақ аудандық және қалалық мал дәрігерлігі қадағалау бөлімдері және шекарада және көлікте мемлекеттік мал дәрігерлік бақылаудың аймақтық қызметтері болады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен. P991093_

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге

асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер заңдарға сәйкес оған уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен республиканың аумағында міндетті күші болатын бұйрықтар шығарады.

5. Комитетінің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093_

6. Комитеттің заңды мекенжайы:

473000, Астана қаласы, Достық көшесі, 6.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік қадағалау комитеті" мемлекеттік кәсіпорны.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне есептеледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары
және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) жануарлар мен құстардың аса қауіпті әрі карантинді жұқпалы және паразитті ауруларының алдын алу және оларды жою жөніндегі мақсатты бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;

2) меншіктің барлық нысандарындағы заңды және жеке тұлғалардың мал дәрігерлігі ережелерін сақтауын және мал дәрігерлігінде биологиялық, химиялық және басқа да препараттардың қолданылуын бақылау функцияларын жүзеге асыру;

3) мал дәрігерлігі саласында мамандар даярлау, мал дәрігерлік препараттарын шығару және мал дәрігерлігінің проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі негізгі бағыттарды айқындауға және бағдарламаларды қалыптастыруға қатысу;

4) республиканың аумақтарын басқа мемлекеттерден жануарлар ауруларының әкелінуінен қорғау, оның ішінде шекарада және көлікте мемлекеттік мал дәрігерлік бақылауды қамтамасыз ету;

5) өнімнің, жануар тегінен шыққан шикізаттың сапасын мал дәрігерлік-санитарлық бақылауды қамтамасыз ету;

6) мал дәрігерлік-санитарлық тұрғыда қоршаған табиғи ортаның ластануының алдын алу болып табылады.

11. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мал дәрігерлік қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

2) жануарлар ауруларының алдын алу және оларды жою жөніндегі бағдарламалардың мониторингін, оларды болжауды, әзірлеуді ұйымдастырады, жануар тегінен жасалған өнімдер мен шикізаттарға мал дәрігерлік-санитарлық сараптама жүргізудің тәртібін белгілейді;

3) жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының тізбесін жасайды және оны Үкіметке бекітуге ұсынады;

4) жануарларды аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған жағдайда, оларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша, оқшаулау туралы барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті нұсқау береді;

5) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен өзара іс-қимылда халықты жануарлар мен адам үшін ортақ аурулардан қорғауды қамтамасыз етуді және жануар тегінен жасалған азық-түліктермен уланудың алдын алуды жүзеге асырады;

6) мал дәрігерлік нормалар мен ережелер бұзылған жағдайда, қажетті мал дәрігерлік-санитарлық, эпизоотикаға қарсы іс шаралар жүргізілгенге дейін мал өсіру объектілерін пайдалануды, ет және сүт өнеркәсібін ұйымдастыруды, жануарлар тектес азық-түліктер мен шикізаттарды қайта өңдеу және сақтау

жөніндегі ұйымдастыруды тоқтата тұрады;

7) жануарлардың ауруына байланысты мал дәрігерлік статистикасын жүргізеді, есеп пен есептіліктің нысандарын жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

8) заңды және жеке тұлғалардың мал дәрігерлік-алдын алу іс-шараларын жүргізуін, олардың қолданылып жүрген мал дәрігерлік-санитарлық ережелерді сақтауын бақылайды, Қазақстан Республикасының мал дәрігерлік заңдарын бұзуды болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды;

9) республиканың аумақтарын шет мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы ауруларының әкелінуінен қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылайды;

10) шекаралық және көліктік мал дәрігерлік бақылау пункттері арқылы мемлекеттік мал дәрігерлік бақылауды, жануар тегінен жасалған азық-түліктер мен шикізаттардың, жем-шөптің, биологиялық, химия-фармацевтік препараттардың және басқа да бақыланатын жүктердің импортын, экспортын, транзитін және республиканың ішінде тасымалдануын, мал айдауды қадағалауды жүзеге асырады;

11) өз құзыретінің шегінде мал дәрігерлігі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

12) лаборатория ісі және жануарлар мен құстар ауруларының диагностикасын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

13) отандық және импорттық мал дәрігерлігі препараттарына, аспаптарына, құралдарына, мал азығына қосымшаларға тіркеу көліктерін береді және оларға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы бекітеді, оларды өндіруге және қолдануға рұқсат береді;

14) мал өсіру фермаларын, жануарларды сою және жануар тегінен шыққан шикізаттарды қайта өңдеу жөніндегі ұйымдарды жоспарлаудың және құрылысын салудың жобаларына, көрсетілген объектілердің және жануарларға арналған су қорғандарының құрылысын салу үшін жер учаскелерін бөлудің жобаларына сараптаманы жүзеге асырады;

15) халықтың арасында мал дәрігерлігі және мал дәрігерлік-санитарлық оқу ағарту жұмыстары саласында насихатты ұйымдастырады;

16) республикалық бюджеттен мал дәрігерлік-алдын алу, эпизоотикаға қарсы және сауықтыру іс-шараларын жүргізуге бөлінетін қаражаттың мөлшерлері туралы ұсыныс енгізеді;

17) мал дәрігерлігі қызметін ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибесін зерделейді, ұсыныстар енгізеді және өз құзыретінің шегінде таяу және алыс шет елдермен мал дәрігерлігі саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды

жүзеге асырады.

12. Комитеттің негізгі міндеттерді іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде орындау үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

2) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болуға, олардың жарғыларын бекітуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға;

3) өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттар сұратуға және алуға;

4) өз құзыретінің шегінде лицензиялауды жүзеге асыруға;

5) өз құзыретінің шегінде мемлекеттің меншігіндегі мүлікті пайдалануды жүзеге асыруға;

6) меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдардың мал дәрігерлігі заңдарының нормаларын орындауын тексеру мақсатында оларды тексеруді жүргізуге;

7) заңды және жеке тұлғаларға эпизоотикаға қарсы және басқа да мал дәрігерлік-санитарлық іс-шаралар жүргізу және мал дәрігерлік-санитарлық ережелердің бұзылуын жою туралы талаптар қоюға, сондай-ақ қойылған талаптардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

8) мал дәрігерлік-санитарлық ережелер мен нормалардың бұзылуына жол берген лауазымды тұлғалар мен азаматтарды әкімшілік жауаптылыққа тартуға, оның ішінде айыппұл санкцияларын қолдануға;

9) эпизоотикаға қарсы іс-шаралар мен жануарлар ауруларының диагностикасына арналған мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыруға қатысуға;

10) биологиялық, химиялық, фармацевтік, жемдік үстемелер мен мал дәрігерлігі мақсатына арналған басқа да препараттарды өндіруді және пайдалануды бақылауға;

11) заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өздігінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

Комитеттің төрағасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторы болып табылады, ал оның орынбасарлары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторының орынбасарлары болып табылады.

17. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттемелері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңдарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін, Комитеттің аумақтық органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

29 сәуірдегі
N 494 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

министрлігі Мал дәрігерлік қадағалау комитетінің
Құрылымы

Басшылық

Мемлекеттік мал дәрігерлік инспекция бөлімі

Мемлекеттік тапсырыстар және лицензия бөлімі

Шекарада және көлікте мемлекеттік мал дәрігерлік бақылау жасау бөлімі

Эпизоотикалық мониторинг және бағдарламалық тесттер бөлімі

Мал дәрігерлігі препараттарын шығаруды және қолдануды бақылау
және ғылыми-енгізбе жұмыстарын үйлестіру бөлімі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 29 сәуірдегі
N 494 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігі мал дәрігерлік қадағалау комитетінің
қарауындағы ұйымдардың
Тізбесі

Оңтүстік-Шығыс жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары
жөніндегі аймақтық арнаулы мал дәрігерлігі лабораториясы
"Мал-жан" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК